

"Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 қазандағы N 1426 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Кәсіпорын) дәрменсіз кәсіпорын деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

Кәсіпорынға қатысты оңалту рәсімдерін соттан тыс тәртіппен жүргізсін;

"Құндыбай" акционерлік қоғамының оны Кәсіпорынды оңалтушы басқарушы етіп тағайындау туралы ұсынысын қабылдасын;

Кәсіпорынды оңалту жоспарында оңалту шаралары ретінде оны санациялау және басқа да қажетті шараларды көздесін.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

***Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің***

міндетін атқарушы